# Үлкенге-құрмет, кішіге-ізет

Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық», «құрмет» адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- үлкендер мен кішілер арасындағы сыйластықты түсіндіру;
- сыйластықты қарым - қатынас жасау іскерліктерін дамыту,
- үлкендерді сыйлауға, кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу;

# *Шаттық шеңбері*



Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,
Бізге келсін қуаныш нұр іздеген,
Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз
Үлгі алсын көрген жан мына бізден

1 бөлім – Мақалды жалғастыр

2 бөлім – Тыйым сөздер айту

3 бөлім – Ойын-жаттығу

4 бөлім – Сөзжұмбақ

5 бөлім - Қорытынды

# Мақалды жалғастыр

***Кәрі,кәрінің сөзі-*** дәрі

***Ақылды қария -***ағып жатқан дария

***Әдептілік белгісі -***иіліп сәлем бергені

***Ананың көңілі балада,*** баланың көңілі далада

***Әдепті бала-*** арлы бала

***Әкеге қарап ұл өсер***, шешеге қарап қыз өсер

***Ата-балаға*** сыншы

***Жақсы сөз*** жарым ырыс

***Ұяда не көрсең,*** ұшқанда соны ілерсің

***Жеті атасын білмеген*** жетесіз

***Сын түзелмей,*** мін түзелмейді

***Ел болам десең*** бесігіңді түзе

***Әдепті бала ата-анасын мақтатар,***
Әдепсіз бала ата-анасын қақсатар.

***Сіз деген әдеп,*** біз деген көмек

***Аға әдепті болса, іні әдепті***
Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.





| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ә | ж | е | | | | |
| | | д | о | п | | | | |
| | б | е | с | і | к | т | е | н |
| | а | п | т | а | | | | |
| ұ | с | т | а | з | | | | |
| і | р | і | м | ш | і | к | | |
| қ | а | л | а | м | | | | |
| | т | і | р | л | і | к | | |
| | | к | і | т | а | п | | |